

**Мектепке дейінгі ұйымға бармайтын ерте жастағы балалардың ата-аналары үшін
консультациялық пункт құру жөніндегі нұсқаулық****1. Жалпы ережелер**

1.1. Осы ереже №5 «Шаттық» мектепке дейінгі ұйым КМҚК ата-аналарға арналған кеңес беру пунктiнiң жұмысын реттейдi.

Мектепке дейiнгi ұйымдарға бармайтын балалардың ата-аналарына әдiстемелiк, педагогикалық, консультациялық көмек көрсету жөнiндегi консультациялық пункттi құру және оның жұмыс тәртiбiн айқындайды (бұдан әрi – Пункт).

1.2. Пункт балабақшаға бармайтын балалардың ата-аналары үшiн құрылады.

1.3. Пункт мектепке дейiнгi тәрбие мен оқытудың үлгiлiк оқу бағдарламасын iске асыратын балабақшаның құрылымдық бiрлiгi болып табылады.

2. Мақсаты мен мiндеттерi

2.1. Мақсаты – мектепке дейiнгi бiлiмге қол жеткiзу, мектепке дейiнгi тәрбиемен және оқытумен қамтылмаған ерте жастағы балалардың ата-аналарының педагогикалық құзыреттiлiгiн арттыру.

Мiндеттерi:

- ата-аналарға консультациялық қолдау көрсету және баланы тәрбиелеу, оқыту және дамыту мәселелерiнде олардың педагогикалық құзыреттiлiгiн арттыру;
- белгiлi бiр себептермен балабақшаға бара алмайтын балаларды әлеуметтендiруге көмектесу;
- Пункт қызметi шеңберiнде балаға көрсетiлетiн бiлiктi көмектiң түрлерi туралы ата-аналарға қажеттi ақпарат беру арқылы балабақшаға бармайтын балалардың ата-аналарына көмек көрсету.

3. Қызметтi ұйымдастыру

3.1. Пункт балабақша базасында меңгерушiнiң бұйрығы негiзiнде қажеттi санитарлық-гигиеналық, эпидемияға қарсы жағдайлар, өрт қауiпсiздiгi, кадрлық қамтамасыз ету ережелерiн сақтау, қажеттi бағдарламалық-әдiстемелiк материалдар болған кезде құрылады.

3.2. Жұмысқа жалпы басшылық балабақша меңгерушiсiне жүктеледi.

3.3. Пункт МДҰ меңгерушiсiнiң бұйрығымен бекiтiлген жұмыс кестесiне сәйкес жұмыс iстейдi.

3.4. Ата-аналарға педагогикалық көмек мамандардың (әдiскер, тәрбиешi, логопед, медбике, музыкалық жетекшi, дене тәрбиесi нұсқаушысы, педагог-психолог және т.б.) қызметiн бiрiктiру негiзiнде көрсетiледi. Ата-аналарға кеңес берудi бiр уақытта бiр немесе бiрнеше маман жүргiзе алады. Мамандардың жұмыс режимiн балабақшаның жұмыс режимiне сүйене отырып, МДҰ меңгерушiсi дербес анықтайды.

3.5. Консультациялық қызметтердi алу үшiн ата-аналардан төлем алынбайды.

3.6. Ата-аналарға көмек көрсетудiң негiзгi нысандары:

- ата-аналардың өгiнiшi бойынша онлайн және офлайн консультациялар, олар барлық отбасы мүшелерiнiң тәрбиесiндегi балаға қойылатын бiрыңғай талаптарды әзiрлеуге, педагогикалық мәдениеттi қалыптастыру бойынша педагогикалық ағартуға бағытталған;
- ата-аналардың қатысуымен баламен түзету-дамыту сабақтарын өткiзу;
- баламен өзара әрекеттесу тәсiлдерiн үйрету мақсатында ата-аналармен және олардың балаларымен бiрлескен сабақтар өткiзу;
- балабақша мамандарын тарта отырып, мастер-кластар, тренингтер, практикалық семинарлар ұйымдастыру.

3.7. Ата-аналарға баланың физиологиялық және психологиялық ерекшелiктерi, тәрбиелiк әсердiң негiзгi бағыттары, дағдарыстық жағдайларды жеңу туралы педагогикалық кеңес беру мақсатында теориялық және практикалық семинарлар ұйымдастыру.

3.8. Әдiстемелiк, консультациялық көмек алу үшiн ата-аналар балабақшаға жеке немесе телефон арқылы жүгiнедi.

3.9. Көрсетілген тақырыпқа сүйене отырып, әкімшілік кеңес беру үшін қажетті ақпаратты толық меңгерген маманды тартады.

3.10. Ата-аналардың осы қызметке қажеттілігінің болмауына байланысты пункт қызметі шеңберінде консультациялық көмек тоқтатылады.

4. Консультациялық пункттің қызметін бақылау

4.1. КП жұмысына тікелей бақылауды балабақша меңгерушісі жүзеге асырады.

4.2. Пункттің қызметі туралы есеп педагогикалық кеңестің қорытынды отырысында тыңдалады.

Консультациялық пункт жұмысын ұйымдастыру қағидалары:

-Құпиялық қағидаты: баланың және оның отбасының ерекшеліктері туралы ақпарат ата – анасының келісімінсіз жария етілмейді;

Кешенділік қағидаты: Ата – аналармен жұмысты әртүрлі бейіндегі мамандар тобы жүзеге асырады;

-Ғылымилық қағидаты: мектепке дейінгі ұйым ұсынатын ақпарат сенімді/растаған болуы керек:

Қолжетімділік қағидаты: ата-аналарға арналған барлық ақпарат артық терминологияны қолданбай қолжетімді түрде беріледі.

№5 Шаттық мектепке дейінгі ұйым КМҚК консультациялық пункттер ЕРЕЖЕСІ

Консультациялық пунктте

Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеп отырған , мектеп жасына дейінгі балаларды үйде тәрбиелеп отырған отбасыларға, сондай ақ ерекше білім беруді қажет ететін мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеп отырған ата-аналарға (заңды өкілдерге) әдістемелік және консультациялық көмек көрсету жөніндегі пункт консультациялық пункт №5 Шаттық мектепке дейінгі ұйым КМҚК қолжетімділігін,отбасылық және қоғамдық тәрбиенің бірлігі мен сабақтастығын қамтамасыз ету мақсатында құрылды.

Консультациялық пункт қызметінің мақсаттары мен міндеттері

Ата-аналарға (заңды өкілдерге) арналған консультациялық пункттің жұмысы білім беру саласындағы мемлекеттік саясат қағидаттарын іске асыруға, мектеп жасына дейінгі балаларды үйде тәрбиелеп отырған отбасыларға көмек көрсетуді қамтамасыз етуге бағытталған.

Мақсаты: мектеп жасына дейінгі балаларды үйде тәрбиелеп отырған отбасыларға консультациялық және әдістемелік көмек көрсету.

Негізгі міндеттері :

мектеп жасына дейінгі баланың жан-жақты дамуы мәселелері бойынша ата-аналарға (заңды өкілдерге) әдістемелік көмек көрсету, мектеп жасына дейінгі балаларды әлеуметтендіруге ықпал ету ;

ата-аналарға (заңды өкілдерге) бір жастан бастап бірінші сыныпқа қабылданғанға дейін балаларды тәрбиелеу, оқыту мәселелері бойынша консультациялық көмек көрсету;

ата-аналарға (заңды өкілдерге) диагностикалық көмек көрсету, мектеп жасына балалардың дамуындағы мәселелерді анықтау және диагностикалау;

мектеп жасына дейінгі балалардың дене бітімі, психологиялық және әлеуметтік дамуындағы әртүрлі ауытқулардың алдын алу;

мектеп жасына дейінгі балаларды үйде тәрбиелеп отырған ата-аналарға (заңды өкілдерге) ақпараттық қолдау көрсету;

-тәрбиеленушінің толыққанды дамуын қамтамасыз ету үшін

Консультациялық пункт жұмысын ұйымдастыру қағидалары:

-Құпиялық қағидаты: баланың және оның отбасының ерекшеліктері туралы ақпарат ата – анасының келісімінсіз жария етілмейді;

Кешенділік қағидаты: Ата – аналармен жұмысты әртүрлі бейіндегі мамандар тобы жүзеге асырады;

-Ғылымилық қағидаты: мектепке дейінгі ұйым ұсынатын ақпарат сенімді/растаған болуы керек:

Қолжетімділік қағидаты: ата-аналарға арналған барлық ақпарат артық терминологияны қолданбай қолжетімді түрде беріледі.

Консультациялық пункттің қызметін ұйымдастыру

Консультациялық пункттің қызметі шеңберінде:

- диагностикалық көмек беру - баланы психологиялық-педагогикалық зерделеу, бала тұлғасының жеке ерекшеліктері мен бейімділігін, оның әлеуетті мүмкіндіктерін айқындау, сонымен қатар дамуындағы, әлеуметтік бейімделуіндегі

бұзушылықтардың себептері мен тетіктерін анықтау, баланы одан әрі дамыту және тәрбиелеу бойынша ұсынымдар әзірлеу;

- консультациялық көмек беру - психологиялық, әлеуметтік, педагогикалық консультация беру, ата-аналарды (заңды өкілдерді) бала дамуының физиологиялық және психологиялық ерекшеліктері, тәрбиенің негізгі бағыттары, күйзеліс жағдайларын еңсеру туралы хабардар ету;
- әдістемелік көмек беру - ата-аналарды (заңды өкілдерді) ағарту, ата-аналарды туындайтын отбасылық мәселелердің алдын алуға, ата-аналардың педагогикалық мәдениетін қалыптастыруға, отбасында жағымды қарым-қатынастарды қалыптастыруға бағытталған педагогикалық әдістер мен тәсілдер туралы хабардар ету; ата-аналарды отбасы жағдайында тәрбие процесін ұйымдастыруға, үйретуге бағытталған баланың жеке даму ерекшеліктері негізінде түзету және дамыту технологияларымен таныстыру.

Консультациялық пункт қызметінің негізгі нысандары: ата-аналардың (заңды өкілдердің) сұранысы бойынша қажетті жеке және топтық консультациялар беру, жазбаша өтініш бойынша сырттай консультация беруді ұйымдастыру, ата-аналар (заңды өкілдер) үшін дәрістер, теориялық және практикалық семинарларды ұйымдастыру, мектепке дейінгі ұйымның сайтына орналастыру арқылы консультациялар мен әдістемелік ұсынымдар беру, балабақша мамандарының мектеп жасына дейінгі балаларға диагностикалық зерттеу жүргізуі болып табылады.

Отбасыларға консультация беру жұмысы мамандардың: басшының, әдіскердің, тәрбиешінің, медициналық қызметкердің, психологтың,

логопедтің және басқа мамандардың қызметін кіріктіру негізінде құрылады.

Консультациялық пункттерге жұмысқа тартылған мамандардың саны мектепке дейінгі ұйымның түрімен, оның кадрлық құрамымен айқындалады.

Консультациялық пункттің қызметін тіркеу үшін келесідей құжаттаманы жүргізу қажет:

- ата-аналардың алдын-ала жазылу журналы;
- өткізілген іс-шаралар кестесі және ата-аналардың (заңды өкілдерінің) өтініштерін есепке алу журналы (*2-қосымша*);
- консультациялық пункттің жұмыс жоспары;
- консультациялық пункттің жұмыс кестесі,
- жыл бойғы жұмысты талдау.

Консультациялық пункттің жұмыс кестесін мектепке дейінгі ұйымның басшысы бекітеді.